# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 31 тамыз №7119-23-00-2/9267 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК

**ЖАУАПКЕР:**
«STROY N» ЖШС

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

**ШЕШТІ:**

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК жауапкер «STROY N» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«STROY N» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«STROY N» ЖШС-нен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК пайдасына 112 375 (бір жүз он екі мың үш жүз жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 3371 (үш мың үш жүз жетпіс бір) теңге баж салығы, барлығы 115 746 (бір жүз он бес мың жеті жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

«STROY N» ЖШС-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 31.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 09.10.2023, судья Баймурзина А. А., 16.10.2023
7119-23-3-1/9026

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

**Судья** **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 31.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.10.2023, судья Баймурзина А. А., 16.10.2023

7119-23-3-1/9026